

АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА



Алғысөз

«Аққулар ұйықтағанда» – қазақ әдебиетінің көрнекті туындыларының бірі, табиғаттың тазалығы мен ананың мейірімін терең бейнелейтін жүрек тебірентер поэма. Бұл шығармада адам жанындағы сезім, өкініш пен табиғатқа деген құрмет ерекше суреттеледі.

Поэманың көркемдігін комикс форматында визуалды түрде жеткізуді мақсат еттік. Әрбір көрініс арқылы ананың махаббаты, ішкі күйзелісі мен табиғаттың тылсым әлемі бейнеленеді. Бұл – тек бір отбасының емес, күллі адамзатқа ортақ мәңгілік тақырып.

Осы комикс арқылы оқырман поэманың мағынасын тереңірек сезініп, табиғаттың сұлулығы мен өмірдің құндылығын жаңаша қабылдай алады.

***Ізгі тілекпен,
Комикс құрастырушысы
Досымхан Нұрсәуле Дәулетханқызы***

Қысқаша мазмұны:

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасында табиғаттың тыныштығы мен киесі терең бейнеленеді. Шығармада ананың балаға деген шексіз махаббаты, оның перзенті үшін кез келген қадамға баруға дайын екені суреттеледі. Алайда табиғат заңына қарсы жасалған әрекет қайғы мен өкінішке алып келеді. Аққулар бейнесі арқылы поэма табиғаттың сұлулығы мен тазалығын танытады.

Идеясы:

Поэма адам мен табиғат арасындағы байланысты терең түсінуге үндейді. Мұқағали Мақатаев табиғаттың киесін құрметтеу керектігін және адам әрекетінің салдары болатынын көрсетеді. Сонымен қатар шығарма ананың мейірімі мен адам жанындағы өкініш сезімін ашады.

Тақырыбы:

- Табиғаттың тыныштығы мен сұлулығы.
- Ана махаббаты мен перзентке деген мейірім.
- Табиғат заңдылығы мен адам тағдыры.



Алтайдың ғажайып табиғаты көз сүйсіндірер сұлулыққа толы. Жетімкөлдің маңында сұңқардай еркін самғаған құстар мен сұлу аққулардың қалықтағанын көргенде, жан дүниенің ерекше бір тыныштыққа бөленеді.



Бұл көлге мылтық асынған саятшылар да, адамдар да аяқ басып келмейтұғын.




Мен қолымнан келгеннің
бәрін жасадым... Бірақ
балапаным жазылмай
жатыр...

Қараңғы түн. Киіз үй ішінде ана көз ілмеген. Бала әлсіреп барады...
Анасы да, әкесі де шарасыз күйде



Бәйбіше, сабыр ет...
Тәңірден медет тілейік...

A man and a woman are sitting on a patterned rug in a room with dark, patterned walls. A glowing lantern sits on a small wooden stool to the left. The woman, on the left, wears a white headscarf with colorful floral embroidery and a brown jacket. The man, on the right, wears a brown fur-lined hat and a brown jacket. Both have serious expressions. A thought bubble above the woman contains text in Kazakh.


Осылай шарасыз отыра
береміз бе? Бір амалын
жасайық



Аққуменен
баланы
аластаңдар


Анасы баласының жанын сақтап қалу үшін неге де болса дайын еді. Ол көп ойланбады. Тәуіп шалдың айтқанын жасамақшы болды





Апыр-ай, киелі
аққуды қалай
атамын?


Әкесі, жалғыз ұлдан нені
аяймыз? Жетімкөлге
барып, аққуды ат

A man with a fur hat and a heavy coat is sitting in a dimly lit room. He has a thoughtful expression, with his hand resting on his chin. To his left is a glowing lantern. The background features a patterned wall.

Бармаймын, бара
алмаймын, қалай
барам?!




Анасы не істерін білмей қатты
уайымдады.




Балам өлсе, бақыттың керегі
не?!
Топан су басып кетсін
қалғандарын.

Таң ата атын өрттеп, өзі Жетім көлге барды. Ананың жүрегі қарс айырылды. Бірақ көз алдында жатқан сәбиінің әлсіз тынысы оны бұл әрекетке итермеледі.



Көл бетінде аққулар ұйықтап жатыр.
Анасы не істерін білмей аққуларға
қарап тұрды. Ішінде үрей мен
қорқыныш, алаңдау бар

A serene scene of two white swans swimming in a calm lake at dusk. The swans are positioned in the center of the frame, with their heads turned towards each other. The water is dark blue, reflecting the soft, golden light of the setting sun. In the background, a dense forest of evergreen trees and distant mountains are visible under a twilight sky. The overall mood is peaceful and contemplative.

Тығып ап тұмсықтарын мамығына,
Айдын - төсек, аспанды жамылуда.
Арша, шырша, жартастар жағадағы,
Сұғынып, бәрі көлге табынуда.

Анасы қолына мылтықты алды. Тып-тыныш жатқан Жетім көлді бір кезде “тарс” еткен мылтық дауысы бұзып жіберді. Айдын көл астан-кестең лайланды.

Егер аққулар киелі болса...
Олардың бірінің қанаты –
менің балама шипа болар...





Киелі көлдің тыныштығы бұзылды. Көк аспанға шапшыған аққулар қарғыс айтқандай шыр айналып, жоғалды...



Менің кінәм не?....

Қош айтысып көлменен, ұшты бәрі.
Көл бетінде көлбөңдеп, жаралы аққу,
Ұша алмайды, ұшпақ боп- күш қылады..



Аққуды неге атасың
арың бар ма?!

...Қасиетке оқ
атып, мен не
істеп қойдым?

..Апыр-ай, бұл кім болды,
таңсәріде,
Көргенсіз, көл басында
мылтық атқан?!





Тәуіптің айтқанының
бәрі өтірік,
Атқа мін, ауылға қайт,
олжаны қой!..
Тым құрса саусағыңды
қанаттың ба?

Оны көрген әйел жылай берді. Баласының сырқаттанғанын, оның өмірін сақтап қалу үшін тәуіп шалдың не айтқанын есіне алды. Бірақ енді бәрі кеш еді...


Оны көрген әйел жылай берді. Баласының сырқаттанғанын, оның өмірін сақтап қалу үшін тәуіп шалдың не айтқанын есіне алды. Бірақ енді бәрі кеш еді...

Әлек боп, арпалысып сор-
қайғымен,
Жоқ ата, жасамадым ондайды
мен...
Жасымнан естігенім бар-тын еді,
Әйтеуір аққу атқан оңбайды деп...





Бәрі ұмыт: бақытың да, байлығың да,
Күлкі шаттық, күйзелткен қайғы, мұң да.
«Жетім кел» жетімсіреп қалып қойды,
Бір өлі, бір тірі аққу айдынында...



«Жетім көл» жетімсіреп қалып қойды. Анасы қолындағының бәрін тастап үйіне қарай жүгірді





Мен... мен не істеп қойдым?!
Жоқ! Мен емес...
Мен атпадым...
Кеше гәр, кешіре гәр,
жаратқаным?!

Үйіне кіре салысымен азан-қазан дауыс құлағын жарып жібере жаздады. Жанұшыра ішке кірген ана баласының үнсіз жатқанын көрді. Кіп-кішкентай денесі мұздай суып, жаны көкке ұшып кеткен еді...






«Қазір, ботам...
Мінеки, таң атады...
Қазір, ботам, аққумен
ұшықтаймын...
Жазыласың
құлыным... балапаным!

Бірақ бала оянбады...

Алатаудың даласы елсіз қалды.
Табиғаттың заңын бұзған Ана өзінен де
айырылғандай болды

Менің
қателігім...
Тым кеш...





Сол кеткеннен мол кетті, аққулар оралмады. Жетім көл
жетімсіреп қалып қойды

Аққулар...

Аңыз көп қой олар жайлы,

Көзіңмен көргеніңдей бола алмайды...

Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,

Шошыса, екінші рет оралмайды.

Орнында екен «Жетім көл», жоғалмапғы

Ортаймапты, немесе тола алмапты.

Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,

Қасиетті аққулар оралмапты.